

# **АКЦИЯ ЕРЕЖЕСІ «Роуминг – сыйлықақылы Visa карталарының иеленушілеріне арналған қызмет»**

## **Ресми анықтамалар**

**Банк** – заңды тұлға, Қазақстанда берілген банк лицензиясына негізделген және банк қызметтерін ұсынатын ерекше құқығы бар.

**Орындаушы** – HighPass Europe OÜLLC, заңды тұлғаның сәйкестендіру коды: 14732451, орналасқан жері: Vahulille tee 6/2-35, 12015 Таллинн, Эстония. Ақпарат алуға арналған Орындаушының Байланыс ақпараты: электрондық пошта [office@highpass.aero](mailto:office@highpass.aero), телефон +372 514 6527 немесе осы Ереженің шарттарына сәйкес басқа тәсіл.

**Карта Иеленушілері** – жеке тұлға, осы Ереженің қағидаларына сәйкес Роуминг алуға құқығы бар Visa Platinum, Visa Signature және Visa Infinite Карталарының иеленушілері.

**Тапсырыс беруші** – «Виза Интернешнл Сервис Ассоcиейшн», мына мекенжай бойынша орналасқан: АҚШ, СА 94404 – 2775, Фостер-Сити қ-сы., Метро Сентер жележолы, 900.

**Мессенджер** – лездік хабарлар мен бейнелер алмасуға арналған мобилді қолданба (қолданба), әсіресе Viber, Telegram, WhatsApp.

**Ұйымдастырушы** – «ИНФОКУС» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ ҚОҒАМ, заңды тұлғаның сәйкестендіру коды: 36563986, орналасқан жері: 01023, Киев қ-сы., Спортивная алаңы, 1А-үй.

**Ереже** – акция ережелері берілген.

**QR-коды** – Карта Иеленушісіне Роумингті пайдалануға мүмкіндік беретін бірегей таңбалар жиынтығы.

**Қолданылу мерзімі** – 31.03.2025 жылға дейін, егер Ұйымдастырушы белгілеген мерзім болмаса.

**Роуминг** – көлемі 3 гигабайттан тұратын роуминг пакеті, әлемнің 127 елінде қолданылады.

**Чат-бот** – Мессенджерлерде болатын [https://mssg.me/concierge\\_\\_service](https://mssg.me/concierge__service) сілтемесі бойынша «VisaConcierge» чат-боты.

Осы Ережелерде түсінігі берілмеген барлық басқа терминдер Украинаның қолданыстағы заңнамасының баптарында белгіленген анықтамалары бар.

## **1. Акцияға қатысуды қабылдау тәртібі**

**1.1.** Роумингті алу мақсаттары үшін Карта Иеленушісіне төмендегілер қажет:

- 1.1.1.** Картаның нақты иеленушісі болу;
- 1.1.2.** Чат-бот мәзіріндегі «Роуминг» түймесін басу;
- 1.1.3.** Ереженің мәліметтерімен танысу;
- 1.1.4.** карточканы Роумингтегі қолжетімділігін тексеру.

**1.2.** Осы Ережелер Карточка Иеленушісі мен Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші/Орындаушы арасындағы ресми қарым-қатынастардағы негізгі құжат болып табылады. Осы Ережелердің баптарындағы Карточка иеленушісінің акцепті осы Ережелердің 1.1.1.-1.1.4. тармақтарында көрсетілген әрекеттерді жүйелі түрде орындау жолымен жүзеге асады. Орындаушы Роуминг ұсынудың жеке қосымша ережелері/шарттарына ие болуы мүмкін, алайда олар осы Ережелерден

өзгеше болмауы қажет. Карта Иеленушісі осындай ережелерге/шарттарға және осы келісімнің салдарына келісу туралы шешімді өздігінен қабылдайды.

**1.3.** Карта Иеленушісінің акцептті орындауы өз еркімен жүзеге асады және Украинаның Азаматтық Кодексінің 642 бабының 2 тармағына сәйкес осы Ережелердің шарттары бойынша жазбаша келісімшарт жасасу болып табылады. Ережелердің ішінара акцептіне рұқсат етілмейді.

## **2. Роумингті алу тәртібі**

**2.1.** 1.1.1.-1.1.4 тармақтарында көрсетілген әрекеттерді сәтті аяқтағаннан кейін (егер Роуминг қолжетімді болса) Карточка Иеленушісіне осы Ережелерде қарастырылған есепке алынған шектері бар QR-код беріледі.

**2.2.** Карта түрлеріне сәйкес қолданылу мерзіміне берілетін Роуминг шектері.

| <b>Карточка Түрі</b>  | <b>QR-кодтар саны</b> |
|-----------------------|-----------------------|
| <b>Visa Signature</b> | 2 (екі)               |
| <b>Visa Infinite</b>  | 3 (үш)                |

**2.3.** Visa Signature және Visa Infinite картасының Иеленушілері Роумингті алдын ала пайдаланудан кейін, қызметті алу үшін QR-кодты 14 (он төрт) күнтізбелік күннен бұрын жасай алмайды.

**2.4.** Карточка Иеленушісіне QR-кодты белсендіруі (Роуминг қызметтері) үшін 14 күн беріледі. Осы мерзім аяқталған кейін, QR-код белсенді болмайды. Егер Карточка Иеленушісі кодты көрсетілген мерзім ішінде белсендірмесе, қызмет тұтынушыға қайтарылмайды және алынған деп есептеледі.

**2.5.** Алынбаған Роуминг орнына қандай да бір ақшалай өтемақы қарастырылмаған.

## **3. Тараптардың Жауапкершілігі**

**3.1.** Карта Иеленушісі Украинаның қолданыстағы заңнамасына сәйкес ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығына жауапты болады.

**3.2.** Карта иеленушісі барлық Шағымдарды тікелей Орындаушыға немесе Ұйымдастырушыға ұсынуы керек. Карта Иеленушісі Тапсырыс берушіге Шағымдар бере алмайды. Мұндай Шағым ішінде сапасыз қызмет көрсету (ашық дәлелімен) және дәлелдердің ашық сілтемелері болуы керек, әйтпесе, Шағым қарастырылмайды. Егер Ұйымдастырушы басқасын көрсетпеген болса, Шағымды Орындаушы түпкілікті қарастыратын болады.

**3.3.** Ескертусіз-ақ, жоғарыда көрсетілген және заңнаманың баптарын орындамау мақсаттарында емес, Ұйымдастырушы және/немесе Тапсырыс беруші кез келген мүлікке немесе тұлғаға келтірілген қандай да бір залалдарға, сондай-ақ Карта Иеленушісі немесе үшінші тарап күткен қызметтің сәйкессіздігіне жауапты болмайды.

**3.4.** Ұйымдастырушы және/немесе Тапсырыс беруші Роуминг нысанына, сапасына, санына және ұсыну мерзімдеріне жауапты болмайды және Карта Иеленушісі мен Орындаушы арасындағы Роумингті алу туралы келісімшарт тарапы болмайды.

**3.5.** Роуминг Сервисінің кез келген элементтерін Карта Иеленушісі «сол күйінде», олардың алынған күні кезіндегі өзектілігін есеп алып қабылдайды.

**3.6.** Карта Иеленушісі немесе үшінші тарап күйінің өзгеруі ескерілген кеңестер өзекті және олардың жасалған әрі берілген күніндегі күйі бойынша қолдануға ұсынылады, сондай-ақ уақыт кезеңі бойынша кеңесте көрсетілген ұсыныстар кеңестердің шарттарына сәйкес қолдануға жарамды болады.

#### **4. Басқа қағидалар**

**4.1.** Ұйымдастырушы міндеттемелерді осы Ережелер шеңберінде орындау үшін үшінші тараптарды тарту құқығына ие болады.

**4.2.** Осы Ережелерді, Ережелермен реттелмеген кез келген даулы сұрақтарды және/немесе сұрақтарды әртүрлі түсіндіру болжанған жағдайларда, Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші мұндай сұрақтарды шешуді өзінде қалдырады. Ұйымдастырушының/Тапсырыс берушінің мұндай шешімі түпкілікті және шағым түсірілмейді.

**4.3.** Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші ережелерді өзгерту құқығына ие болады. Бұл ретте өзгертулерге және толықтыруларға қатысты ақпарат беру Чат-ботта орналастыру жолымен жүзеге асады. Мұндай өзгертулер мен толықтырулар жарияланған сәттен бастап, егер басқасы осы Ережелерге енгізілетін өзгертулер/толықтырулар қарастырылмаған болса, заңды күшіне енеді.

**4.4.** Салықтарды, алымдарды және міндетті төлемдерді Украинаның қолданыстағы заңнамасындағы баптармен жүктелген жауапкершілікке сәйкес келетін тұлға төлейді.

**4.5.** Ұйымдастырушы/Тапсырыс беруші Карта Иеленушісі мен Орындаушы арасындағы Роумингке қатысты дауға қатыспайды.